

# #ЖаңаҚАЗАҚСТАН



“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қағаз жүзіндегі әлеуметтік-экономикалық мәселе мен оның қазіргі шынайы жағдайының арасындағы алшақтық сын көтермейді. Сондықтан шұғыл түрде экономикалық саясатты қайта қарау жұмысына бірлесе кірісу керек. Таза, ашық және әділ іс-әрекеттердің жаңа тәртібін анықтаған жөн.

2-BETTE



№8  
(4286)  
Сәбі  
22 қаңтар  
2022 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ АҚШАМУ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

## СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Олимпиада және Паралимпиада ұлттық құрамаларының мүшелерімен кездесті.

Мемлекет басшысы жуырда Бейжің қаласында өтетін XXIV қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарының барша спортсүйер қауым үшін айтулы оқиға екеніне тоқталып, Қазақстан осы сайысқа ең үздік спортшыларын аттандыратынын атап өтті.

– Дүбірлі додада ел намысын қорғау – мәртебелі міндет әрі зор жауапкершілік. Біздің спортшыларымыз Олимпиада ойындарында талай рет жеңіс тұғырына көтерілді. Көк тумызды желбіретіп, ануранымызды әуелетті. Сондай сәтте әрбір азаматымыздың кеудесін мақтанш сезімі керейтіні сөзсіз. Сіздер алдағы сайыста халқымыздың сенімін ақсайсыздар деп сенемін, – деп жігерлендірі Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

## «СПУТНИК ЛАЙТ» ЖЕТКІЗІЛДІ

Елорда әкімдігінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қоймасына «Спутник Лайт» векторлық вакцинасы жеткізілді.

Атап айтқанда, 10 мың доза мөлшерінде бірінші партия келді, ол бір компонентті болып саналады.

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы бұл вакцина тек халықты ревакцинациялауға, яғни толық имундау мерзімі аяқталғаннан кейін қайта вакцинациялауға арналған деп атап өтті.

Айта кетейік, вакцинация кезінде «QazVac», «Sinopharm», «Hayat-Vac», «Sinovac» екіпесін алғандарға «Спутник Лайт» препараттымен ревакцинациялауға болады.

Вакциналар емханаларға тіркелген тұрғындар санын ескере отырып бөлінеді.

Қаладағы «Керуен» СОО, «Абу Дабб Плаза», «Азия парк», «Еуразия» сауда үйлерінде ревакцинациялау пункттері жұмыс істейді.



## РЕВАКЦИНА АЛДЫҒЫЗ БА?

Коронавируспен қарсы вакцинаның үшінші дозасын салдыру немесе қайта вакцинациялауды бустерлік вакцина деп те атайды. Әдеттегі вакцинаның толық не жарты дозасы салынады. Себебі ағзаның қорғанысы уақыт өте келе әлсірей береді. Атап айтқанда, иммунитетті құраушы антиденелер, В-лимфоцит, Т-лимфоцит және Т-жад жасушасы қайта түзілуі үшін қайта салдырған дұрыс.

4



## МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ ӨЗГЕРДІ МЕ?

5-BET | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

**ELORDA.INFO САУАЛНАМАСЫ**

**АПТАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ**

**46%** достарымыздың арасында «Омикрон» штамымен ауыратындар бар.

**30%** мүмкін деп жауап беріп, өздерінің «Омикрон» жұқтырғанын білмейтін болып шықты.

**24%** таныстары арасында ауру жағдайларының болмағанын атап өтті.

Elorda.info ақпараттық порталы алта сайын өзекті тақырыпқа әлеуметтік сауалнама жүргізеді. Сауалнама нәтижелері «Астана ақшамы» және «Еңбекші Астана» газеттерінде сөзбе-сөзі немесе сайттық әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланады.

## МЕКТЕПТЕР ОФЛАЙН ФОРМАТҚА КӨШЕДІ

Білім және ғылым министрлігі білім беру ұйымдарының офлайн режимге көшірілетіні жөнінде хабардар етті.

Ведомствоаралық комиссияның талқылауынан кейін 24 қаңтардан бастап күндізгі оқыту форматына рұқсат беруді ұсынды: мектепке дейінгі ұйымдарда – ата-аналардың өтініші бойынша («қызыл», «сары», «жасыл» аймақтарда); жалпы білім беретін мектептерде қосалғанда 600 оқушыға дейін; жалпы білім беретін мектептерде 600-ден астам оқушы – оқу жүктемесі жобалық

құжаттылықтың 50 пайызынан аспайтын; жалпы білім беретін мектептерде; бастауыш 1-4 сыныптар (соның ішінде халықаралық мектептердегі 5-6 сыныптар); мектептен тыс ұйымдарда; жеке сабақтар, топтық сабақтар – 15 адамға дейін, мүгедек балаларға, ересектерге арналған түзету кабинеттерінде (орталықтарында) – 8 адамға дейін жеке және топтық сабақтар; колледждер мен жоғары оқу орны

дарында – аралас форматта: практикалық, зертханалық, семинарлық, өндірістік практика – икемді кесте бойынша тұрақты режимде, дәрістер – онлайн режимінде. Карантиндік режимді бұзу фактілері анықталған кезде орта білім беру ұйымдарында, колледждерде, жоғары оқу орындарында барлық білім алушыларды қашықтықтан оқыту форматына көшіру қолданылады.



## САЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ

6-BET | ТҮЛҒА

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ EUR/KZT 492.69 USD/KZT 434.24 RUB/KZT 5.67 YEN/KZT 68.34

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 07.12.2021 №508-4393

«Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 6 қазандағы №508-2075 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 6 қазандағы №508-2075 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №1295 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізіледі:

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасына осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте: 1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін; 2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етеді; 3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысы енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің міндетін атқарушы Е. Қыстаев

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қаулысына қосымша Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылдың 6 қазанындағы №508-2075 қаулысымен бекітілді

Нұр-Сұлтан қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі

Table with 4 columns: №/№, Ескерткіштің атауы, Ескерткіштің түрі, Ескерткіштің орналасқан жері. It lists various historical and cultural monuments in Nur-Sultan, such as the Mausoleum of the First President, the House of the First President, and various historical buildings.

Table with 4 columns: №, Ескерткіштің атауы, Ескерткіштің түрі, Ескерткіштің орналасқан жері. It continues the list of monuments, including the House of the First President, the House of the Second President, and various historical buildings.

БАС ПРОКУРАТУРА ПОЛИЦИЯ МЕН ӘСКЕРІЛЕР ӘРЕКЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМДАРДЫ ҚАБЫЛДАЙТЫН НӨМІРЛЕРДІ ЖАРИЯЛАДЫ

Кезекші прокурорлардың тізімі:

Table with 5 columns: №, Өңір, Кезекші прокурордың аты-жөні, тегі, Ұялы байланыс телефоны, Қызметтік байланыс телефоны. It lists contact information for prosecutors in various regions of the Republic of Kazakhstan.

«НПІ Kazecotech» ЖШС-сі Экологиялық кодексінің 57-2 бабына сәйкес 2022 жылғы наурыздың 4 сағ. 10 мин. 00, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр 11 мекен-жайы бойынша Өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу орталығы (пайдаланылған мұнай өнімдерін өңдеу негізінде шиклі және ашық шиклі көмірсутектерді өндіру нысаны бойынша шекті рұқсат етілген шығарындылар жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады.

«Нұр-Сұлтан қаласының Отаны-энергетикалық және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ ашық айналыс нысанында ТЭЖ материалдарына қоса тіркелетін материалдар ескерту туралы есептің жобасына және «Тельман тұрғын алабы ауданында инженерлік инфрақұрылымы бар газ қазандығы» жұмыс жобасына қатысты қоғамдық тыңдауларды өткізеді. Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 28 ақпанда сағат 15:00-ге Нұр-Сұлтан қ. Есіл ауд. Қабанбай батыр даир. 33, 4 қабат, конференц-зал мекен-жайы бойынша өтеді.